

## **Баяндама тақырыбы: ЖАҢА МОДЕЛГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ЖАҢА БАСТАМАЛАР (баяндама тезисі)**

**Баяндаушы:** Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасы Орал қаласы білім беру бөлімінің №48 «Мұрагер» бөбекжайы»МКҚК меңгерушісі

### **Баяндама мақсаты:**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту» №137 қаулысы негізінде мектепке дейінгі ұйымдарда атқарылып жатқан жұмыстарды насихаттау. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың бағыттарын анықтау. Басқарушылық жұмыстың 7 модульдерімен таныстыру. Мектепке дейінгі ұйымда педагог кадрлердің жұмыс сапасына аналитикалық зерттеу, мониторинг модулі бойынша «Рейтинг» жүйесімен таныстыру, іс-тәжірибемен бөлісу.

### **Міндеттер:**

- 1.Бөбекжайда жүргізіліп жатқан жұмыстарға жалпылама түсініктеме беру,соның ішінде «ЭКОБАЛАБАҚША»жобасымен таныстыру.
- 2.Жаңа модельге бағытталған қандай қадамдар жасалынды? сұрағына жауап беру арқылы «ЭКО зерттеуші STEAM балабақша» жобасының құрылу себебіне тоқталу.
3. Жаңа бастамалар қалай жүзеге асуда?осы сауалға басқару жүйесіндегі 7 модульдің мазмұнын ашу.
4. Педагогтердің жұмысын бағалау параметрлері «РЕЙТИНГ» жүйесімен таныстыру, іс-тәжірибемен бөлісу.

### **Өзектілігі:**

- 1 «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту» қаулысы негізінде мектепке дейінгі ұйымдарда атқарылып жатқан жұмыстарды насихаттау.
- 2.Педагогтердің жұмыс сапасын арттыруға, білім беру қызметінің сапасын, даму жағдайларын жақсарту және арттыру бойынша ұсыну.

### **Қолданылатын терминдер:**

«Модуль»-қандай-да бір жүйенің, ұйымның жеке, өзіндік бөлігі ретінде анықтайды.

«Рейтинг»- Рейтинг жүйесі педагогтердің тәжірибелерінің сапасын басқару ісінде тиімді қолдана білу оқу процесі жайындағы мәліметтерді жинақтаумен қатар, оларды ретке келтіру. Әлсіз тұстарды түзетуге ықпал етеді.

### **Баяндама мазмұны:**

#### **Іскіріспе бөлім:**

«Батыс Қазақстан облысының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 17.02.2021ж №127 бұйрығы негізінде №48 «Мұрагер» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында 2020-2025 жылдарға «ЭКОБАЛАБАҚША» жобасы енгізілді. Жоба бойынша атқарылған жұмыстармен таныстыру.

## **Негізгі бөлім:**

### **Жаңа модельге бағытталған қадамдар:**

1.«ЭКО зерттеуші STEAM балабақша» жобасын құрдық. Яғни, «ЭКО БАЛАБАҚША» жобасы мен STEAM технологиясын интеграциялау арқылы жаңа бастаманы қолға алдық .Осы жоба аясында жаңа модельге бағытталған бөбекжай миссиясы мен алдағы уақытқа болжам, стратегиялық жоспар құрылды. Бөбекжай түлектерінің моделімен таныстыру.

2. Басқару жүйесіндегі 7 модульге тоқталып, оның ішінде «Мониторинг» модулі бойынша педагог кадрлердің жұмыс сапасын арттыру, мотивациялық, бәскеге қабілеттіліктерін дамыту бойынша «Рейтинг»жүйесінің құрылымымен таныстыру.

3. «РЕЙТИНГ» жүйесінің педагог жұмысын бағалау параметрлері.

Параметрлер көрсеткіштеріне тоқталып өту.

**Қорытынды бөлім:**1.Педагогтердің соңғы үш жылға салыстырмалы кәсіби өсімі. Мониторинг қорытындысы. Рейтинг жүйесінің өзектілігін, педагог статусын арттыру, мектепке дейінгі ұйымның жұмыс сапасын көтеруге бағытталған бағалау параметрлерді қолдануға кеңес беру. Алдағы уақытта осы жұмыстар бойынша жұмыстарды жалғастыру, жаңа модельге бағытталған бөбекжай моделін жасап, HR-стратегияны қолдану. Бөбекжай имиджін қалыптастыру.

<https://youtu.be/jz8QkTPDywM>

